

## ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,*

*Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы*

**Рақымжан А.А., Омаров А.М., Казимова Д.А.**

E-mail: Asylzat.rahimjan@mail.ru

Елбасымыз Н.Назарбаев атап көрсеткеніндей, жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез-келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Компьютерлік технологиялардың ішінде оқу үрдісінің қолайлысы – мультимедиялық технологиялар. Қазіргі уақытта мультимедия технологиялары – бұл оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологиялардың кеңінен дамып жатқан бағыты. Мультимедия технологиялары оқу үрдісін байытады, оқуды тиімді етуге мүмкіндік береді. Мультимедия – жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпараттың көптеген түрімен жұмысы, оған жоғары рұқсатты түсті графика, жүгіртпе және аққыш түстері бар динамикалық эффекттер, дауыстардың дыбысталуы және синтезделген әуенінің дыбыстары, толық түсті видеоклиптер және видеофильмдер кіреді. Мультимедиялық технологияларды тиімді қолдану білім беруде болашағы бар бағыт болып табылады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін арттыратыны сөзсіз. Оқыту мен білім беруді жылдамдатуда мультимедияны қолдану студенттердің оқуға деген ынтасын, белсенділігін, қызығушылығын, оқу тапсырмаларын игеру мүмкіндіктерін көтереді [1]. Мультимедия-компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол ақпараттарды кешенді түрде бейнелеуді-мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультипликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады. Мәтін түрлі түсті графика, дыбыс, сөз бен кескін синтезін жасап, ақпараттың өте көлемді мөлшерін жадында сақтап, сұқбаттық түрде жұмыс істейтін компьютерлік жүйе. Мультимедия элементтері еркін интерактивті түрде қатынас құруға, дыбыспен сүйемелдейтін бейне көріністерді компьютер экранында көрсетуге, мүмкіндік береді. Компьютер әр түрлі құрылғыларда- музыкалық компакт-дискілерде, қатты дискіде, компьютердегі CD-де т.б. жазылған мультимедиялық мәліметтерді ойната алады.

Мультимедия технологиясының мынандай ерекшеліктерін қарастыруға болады:

- Студенттердің есте сақтау, елестету қабілеттері;
- Сабаққа деген қызығушылықтары артады;
- Оқып үйренетін материалды жақсы және барынша терең түсінуі;
- Алынған білімдер неғұрлым ұзақ уақыт есте қалады және қысқаша қайталағаннан кейін іс жүзінде қолдану үшін оңайырақ еске түседі;
- Студенттердің оқуға деген қызығушылығы артады;
- Ойлау белсенділігі; тапқырлығы;
- Шешім қабылдау әрекеті қалыптасады;
- Барлық сабақта, сабақтың барлық кезеңдерінде пайдалануға болады;
- Оқу үрдісінің мазмұны ғана өзгеріп қоймай, мұғалімнің іс-әрекетінің мазмұны да өзгереді
- Студенттердің пәнге деген қызығушылығы артады.

Сонымен қорытындылай келе келесідей тұжырымдарға келдік:

Біріншіден, қазіргі заманғы дағдылардың барлығы дерлік компьютермен және интернет желісімен байланысты. Сондықтан, студенттер керекті материалдарды мультимедиялық технологиялар арқылы игере отырып өздерінің бойында қажетті еңбек дағдысын қалыптастырады.

Екіншіден, мультимедиялық технологияларды информатика сабағында қолдану кең таралғанымен бұл мәселе оқу бағдарламаларына міндетті компонент ретінде енгізілген. Қазіргі уақытқа дейін мультимедиялық технологияларды оқу барысына енгізу бірыңғай жүйеге келтірілмеген. Мультимедиялық презентациялар мен ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану мәселелері оқу жоспарларымен әлсіз байланыста.

Үшіншіден, мультимедиялық технологияларды қолдану оқытушыларға әр түрлі құралдарды жедел біріктіруге, оқу материалын терең түсінуге, сабақ уақытын үнемдеуге, сабақты ақпаратпен құнарландыруға мүмкіндік береді.

Мақалада аталған мәселелердің шешімін таба отырып, мультимедия технологияларды оқу материалдарын озық әрі терең түсінуге мүмкіндік береді деген ойдамыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. <http://web-book.kz>